



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

19 маусым 2023 жыл

No: AIFC-C/SCC/2023/0014 ic

AURORA GEOPHYSICS LTD

Талап қоюшы

METEOR MINING COMPANY KZ (CONDUIT 23)
LTD-ға

Жауапкер

қарсы

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Патрисия Эдвардс



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 24 сәуірде Талап қоюдың басталуына
СӘЙКЕС;

ЖӘНЕ 2023 жылғы 8 мамырда қарсылық берілуіне
СӘЙКЕС;

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жауапкер 2023 жылғы 30 маусымы күнгі сағат 16.00-ге дейін Талап қоюшыға төлеуі тиіс:
 - (1) 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Шарттың 2.1-тармағына сәйкес төлем күніне индекстелген 14 093 888 теңге;
 - (2) 2021 жылғы 22 қазандағы Шарттың 2.1-тармағында көзделгендей, төлем күніне индекстелген 5 877 760 теңге; және
 - (3) 1 997 165 теңге.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшы мен Жауапкер геофизикалық зерттеулер жүргізу жөнінде 2021 жылғы 1 қыркүйектегі және 2021 жылғы 22 қазандағы екі келісімшартты жасасқан ("Келісімшарттар"). Бірінші Келісімшартта Талап қоюшы 14 093 888 теңге жалпы сомасына геофизикалық зерттеулер жүргізуге келісті. Екінші Келісімшартта Талап қоюшы 5 877 760 теңге жалпы сомасына екінші учаскеде геофизикалық зерттеу жүргізуге келісті.

Юрисдикция

2. Келісімшарттың 11.4-тармағында мыналар көзделген:

"11.4 Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілетін болады. Реттелмеген даулар Нұрсұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

11.6 Келісімшарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады. Келісімшартпен реттелмеген барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.»

3. Алайда, екі тарап та АХҚО қатысушылары болып табылады және талап арыз бен талап қою бойынша қарсылықта екі тарап та дау АХҚО сотында шешілуі тиіс екендігімен келіседі. "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының (өзгерістермен және толықтырулармен қоса) 13.4-бабына сәйкес, "тараптардың келісімі бойынша АХҚО сотына берілген дауларға" қатысты АХҚО сотының айрықша юрисдикциясы бар. Сонымен, бұл Сот осы талапқа қатысты юрисдикцияға ие.
4. Талап қоюшы 19 971 648 теңге және 1 997 165 теңге көлемінде өсімпұл талап етіп отыр. Мәлімделген жалпы сома шамамен 49 000 АҚШ долларына барабар. Бұл сома 150 000 АҚШ долларынан аз болғандықтан, АХҚО сотының қағидаларының 28.1(1) қағидасына сәйкес, талап ұсақ шағымдар сотында қаралғаны мақсатқа сәйкес.

Төлем шарттары

5. Келісімшарттардың әрқайсысының 1.2-тармағында былай көзделген:

"1.2 Тараптардың уәкілетті өкілдері Орындалған жұмыстар актісіне қол қойғаннан кейін Жұмыстар орындалды деп есептеледі.»

6. 2022 жылғы 14 сәуірде тараптар екі келісімшарт бойынша да геофизикалық зерттеулер жүргізу туралы актілерге қол қойды.
7. Келісімшарттардың әрқайсысының 3-тармағына сәйкес:

"3.1.1 Тапсырыс беруші Орындаушыға Келісімшарттың Жалпы сомасының 40%-ы мөлшерінде аванстық төлем жасайды. Аванстық төлемді төлеу Келісімшарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

3.1.2 Кейінгі төлемдер далалық және камералдық жұмыстарды орындау фактісі бойынша ай сайын, орындалған жұмыстар актісіне тараптар қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.»

8. Сонымен Келісімшарттардың әрқайсысы бойынша алғашқы 40% тиісінше 2021 жылғы 8 қыркүйекке дейін және 29 қазанға дейін төленуі тиіс болатын. Қалған сомалар екі келісімшарт бойынша да 2022 жылғы 21 сәуірге дейін, яғни орындалған жұмыс актілеріне қол қойылғаннан кейін бес жұмыс күнінен соң төленуі тиіс еді.
9. 2022 жылғы 16 маусымда Талап қоюшы Жауапкерге сотқа дейінгі шағым жолдап, қызметтердің толық көлемде орындалғанын және қабылданғанын көрсетті және Келісімшарттар бойынша төлемдерді 2022 жылғы 26 маусымға дейін жасауды сұрады.
10. Бұдан кейін Жауапкердің әлеуетті инвесторларды іздестіруі мен төлем мерзімдеріне қатысты әртүрлі талқылаулар өтті. Шешімге қол жеткізілген жоқ және бұл талап 2023 жылдың 24 сәуірінде берілді.
11. 2023 жылғы 8 мамырда Жауапкер өзінің Қарсылығын ұсынды. Құжатта Жауапкер кезіккен әртүрлі мәселелер жөнінде, соның ішінде Covid-19 және инвесторларды тартумен байланысты қиындықтар туралы айтылған. Алайда, талап қою бойынша ешқандай елеулі қарсылықтар болған жоқ.
12. Бұдан шығатыны, Жауапкер Келісімшарттарға сәйкес мәлімделген жұмыстардың құнын төлеуге міндетті. Төлеуге жататын жалпы сома 19 971 648 теңге құрайды.
13. Бұл соманы айырбас бағамдарының өзгерістеріне сәйкес реттеуге болатынын айта кету керек. Бірінші Келісімшарттың 2.1-тармағында мыналар көзделген:

"Орындаушы Келісімшарт бойынша орындайтын жұмыстардың жалпы құны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылғы 31 тамыздағы бағамы бойынша 1 АҚШ доллары 425,74-ке тең деп есептегенде, 14 093 888 ... теңге ... құрайды. АҚШ долларының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағамы өзгерген жағдайда, Орындаушы көрсеткен қызметтердің құнын Тапсырыс беруші Орындаушы қызметтеріне ақы төлейтін күнге индекстеу жүргізілетін болады."

14. Екінші Келісімшарттың 2.1-тармағы мәні бойынша бірдей, тек жоғарыда асты сызылған абзац мына абзацпен ауыстырылады: " *Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылғы 22 қазан күнгі бағамы бойынша 1 АҚШ доллары 425,71-ге тең екендігіне сүйене отырып*»

15. Тиісінше, Келісімшарттардың әрқайсысы бойынша жұмыстардың құны осы тармақтарға сәйкес төлем жасалатын күніне түзетілуі тиіс.

Айыппұл

16. Бұдан басқа, Жауапкер Келісімшарттардың әрқайсысы бойынша төлемнің кешіктірілгені үшін қосымша сома төлеуге міндетті. Шарттардың әрқайсысының 6.3-тармағында мыналар көзделген:

"6.3 Келісімшарттың талаптарында көзделген төлем мерзімдерін Тапсырыс берушінің бұзғаны үшін, Тапсырыс беруші мерзімі өткен әр күн үшін Орындаушыға оның талабы бойынша Келісімшарттың жалпы сомасының 0,1 (оннан бір)%-ы мөлшерінде, бірақ Келісімшарттың жалпы сомасының 10 (он)% -нан аспайтын өсімпұл төлейді.»

17. Келісімшарттардың әрқайсысы бойынша төлемнің кешіктірілуі 100 күннен астам уақыт құраған және, тиісінше, 10% мөлшердегі максималды тұрақсыздық айыбына жеткен. Сонымен, екі Келісімшарт бойынша тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 1 997 165 теңге құрайды.

Сот қабылдады,

Патрисия Эдвардс,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан Омаров Нариман Майданұлы өкілдік етті, заң өкілі,
Aurora Geophysics LTD, Астана, Қазақстан.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.